

"Қобда ауылының жаңа көшелеріне атау беру туралы" Қобда ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 23 қаңтардағы № 4 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Ақтөбе облысы Қобда ауданы Қобда ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 13 қазандағы № 214 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 3 қарашада № 5121 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 50 -бабының 2-тармағына сәйкес, Қобда ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қобда ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 23 қаңтардағы № 4 мемлекеттік тіліндегі "Қобда ауылының жаңа көшелеріне атау беру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-7-59 болып тіркелген, 2009 жылдың 19 наурызында аудандық "Қобда" газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген мемлекеттік тіліндегі шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4)-тармақшасына сәйкес, Қобда ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қобда ауылдық округінің әкімі

Б. Утепов